

## БІЛІКТІ МАМАН

## Жарқын болашақтың бастауы

**«Бұл заман білекке емес, білімге сенетін заман. Заманауи әлемде елдің қуаты, ең алдымен, білім мен ғылымда болатын уақытқа келдік. Тарихы терең қазақ халқында «Білекті бірді, білімді мыңды жығады» деген сөз қалдырған. Қазақтың бұл мақалының өзі бүгінгі күні айрықша мәнге ие болып отыр. Сол білімді қажетке, тұрмыс игілігіне жарата білуімізбен ғана бағаланады. Инемен құдық қазғандай, қиын күрделі, орасан қажыр-қайрат пен ерік-жігерді талап ететін білімсіз өмір тұл», - деген болатын ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев.**



**Дина АСЫЛБЕКОВА,**  
«Химия және химиялық технологиялар негіздері» кафедрасының доценті, химия ғылымдарының кандидаты

Халқымыз білімнің, шындығында да, баға жетпес үлкен рухани қару екендігін, тек рухани қару ғана емес, сонымен қатар аса зор өндіріс-күш екенін кейінгі ұрпағына үнемі айтып отырған. Білімнің қуатына тең келетін басқа идеялық рухани күш, қуат көзі жоқ екені белгілі. Өйткені, білім — тек ғылымның іргетасы ғана емес, сонымен бірге тасы өрге домалаған еңсесі биік елдермен терезесі тең мемлекет болудың күре тамыры, ел дамуының

алтын қаруы. Білім бар жерде даму, жетілу, кемелдену үрдісі бір сәтке толастамайды.

Нұрсұлтан Әбішұлы өз сөзінде ең алдымен елге терең білім керек екенін елден бұрын, аңғарып, ерте түсінген тұғырлы тұлға болды. Қай жерде де, қашан да тұңғыш болудың жүгі мен жауапкершілігі ауыр екенін білеміз, сол себепті бірінші болып жол салу, бірінші болып жеңіске жету, бірінші болып бөйгеден келу, бірінші болып биікке көтерілу секілді үлкен тәуекелге бел буды. Нұрсұлтан Назарбаевтың сөзімен айтқанда, қазіргі уақыт адамзат биігін білекпен емес, біліммен бағындырудың заманы. Бүгінгі жас ұрпақ мұны анық сезініп, білім бұлағынан мольна сусындауға зейін қоюда. Жастар өз күш-жігерлерін, білімдерін тәуелсіз елінің гүлденуіне жұмсамақ. Қазақстан Республикасының білім беру ұйымдарындағы тәрбиенің негізгі мақсаты-жастардың бойында азаматтық пен қазақстандық патриотизмді қалыптастыру, мемлекеттік рәміздерді құрметтеуге, халық дәстүрлерін дәріптеуге, әлемдік және отандық мәдениет жетістіктерін оқып үйренуге, Конституцияға және қоғамға қарама-қайшы келетін әрекеттерге төзбеушілікке тәрбиелеу.

Тәрбие қазіргі өзгермелі, сан-салалы, көпмәдениетті, көпэтникалық

үлкен өмірге енуге дайын қабілетті, тұлғаның дамуына бағытталған және рухани құндылықтарының негізінде құрылады. Білім беру мен тәрбие беру жұмыстары — ол арнайы ұйымдастырылған қалыптастырушы үрдіс және ізгілікті қабилдайтын, әлеуметтік құндылықтар мен азаматтық мінез-құлық үлгілері бола отырып, тек ғылыми негізделген тәрбие жүйесінің аясында ғана өзін іс жүзінде көрсетіп, өзін-өзі қалыптастырған тұлға үлгісіне жағдай жасайды. Тәрбиенің басты нысаны елдік сананы қалыптастырып, ұлттық рух пен ұлттық патриотизмді негіздеу, ұлтсыздықпен күресу болып табылады. Қазақстанды Отаным деп таныған әр азаматтың осыған өз шама шарқынша үлес қосуы осы бағыттағы іс-әрекеттің басты шарттарының бірі.

Жастарға патриоттық тәрбие берудің бағдарлы идеяларын Елбасымыз «Қазақстан - 2030» атты еңбегінің «Қазақстан мұраты» деп аталатын бөлімінде: «Біздің балаларымыз бен немерелеріміз бабаларының игі дәстүрін сақтай отырып, қазіргі заманғы нарықтық экономика жағдайында да жұмыс істеуге даяр болады. Олар бейбіт, абад, жылдам өркендеу үстіндегі күллі өлемге әйгілі әрі сыйлы өз елінің патриоттары болады», - деп, үлкен үміт артты.

Болашақ жастардың қолында деген ұрандарды жиі айтып, елімізде осы мақсаттарда қолға алынып жатқан жобалар аз емес. Тек оны өз көрегіне қарай пайдалану әрбір жастың құзырындағы жұмыс. Мемлекет тарапынан жасалынып жатқан бар мүмкіндіктерді тиімді пайдалануға әрбір жастың өз ұмтылысы болуы тиіс. Өйткені, өмір ағыны тоқтамақ емес, жастық шақтың да жарқ етіп өте шығары баршаға мәлім. Қашан да, болашағын алыстан

бағамдайтын қазақ «қыстың қамын жаз ойла» демеуші ме еді...

Ендеше, еліміздің жарқын болашағы үшін қандай да бір іс тыңдыруға міндетті екендеріңізді естен шығармаңыздар! Ел ертеңі — білімді жастар. «Бұлақ көрсен көзін аш» дегендей, қазақ жастарын білімге бағыттайық. Ұлт көшбасшысы «Қазақстанның болашағы бүгінгі жастар. Сіздер оларға қалай білім берсеңіздер, Қазақстан сол деңгейде болады», - деп атап көрсеткен. Еліміздің болашағы жастардың еңбекқорлығына, талап-тілегіне, арман-мұратына байланысты. Олар ата-бабаларымыздан мұра болып келе жатқан құндылықтарымызды, тарихи дәстүрлерімізді жаңғыртып, оны алға бастырып қана қоймай, экономикасын, ғылымын да дамытуға, жігерлене ел үшін еңбектенуге міндетті. Ендеше жастар еңбек жолына түскенде ғана қоғамды өрге бастыра алады.

Отаншыл халық жастары болмаған елдің болашағы бұлыңғыр. Жаңа заман тәуелсіз ел мұраты-жастардың білімі мен біліктілікке талпынып әрекеттенуін, еңбектеніп есуін талап етіп отыр. «Еліңнің ұлы болсаң, еліңе жаңың ашыса, азаматтық намысың болса, қазақтың мемлекетін нығайтып, көркеюі жолында теріңді төгіп еңбек ет. Жердің де, елдің де иесі екеніңді ұмытпа», - дейді Елбасы өз сөзінде. Сондықтан, жастарға білім беретін ұстаздар да ұлы мұрат жолында аянбай жалынды еңбек ете білуі тиіс. Қазіргі кезде отандық білім беру бағдарламасының күтілетін нәтижелері білім алу үдерісінің бір бөлігі ретінде қалай оқу керектігін білетін, тәуелсіз, өзін-өзі ынталандыратын, бастамашыл, көшбасшы, өзіне міндет ала білетін және жауапкершілікті түсініп мойындайтын, сын тұрғысынан ойлана алатын бүгінгі студент, ертеңгі білікті маманды қа-

лыптастыру болып табылады.

Сондай-ақ, үш тілде еркін сөйлей алатын және ойы мен пікірін еркін жеткізе алатын, өз елінің тарихын, әдебиеті мен мәдениетін терең білетін білімді ұрпақты, ертеңгі болашақ кәсіби құзыретті маманды даярлау қазіргі білікті оқытушыдан күтіледі. Кез келген ел болашағын өскелең ұрпағымен байланыстырады, яғни ұлт болашағының тірегі — жастар. Олай болса елімізді өркендетіп, ертеңімізді жарқын болашаққа бастайтын білімді де жігерлі ұрпақ тәрбиелеуіміз қажет. Баршамызға белгілі қазіргі оқу процесіндегі басты мақсат - жаңа технологияларды жеткілікті түрде меңгеріп, заман талабына сай білім беруге ұмтылу әрбір ұстаздың міндеті болып саналады. Болашақ иесі жастарға дұрыс бағыт-бағдар беру, студенттерді теориялық, әдістемелік біліммен қаруландырып қана қоймай, жаңашыл инновациялық тәсілдер аясында білім алушылар мен еркін жұмыс жасайтын, әдістемелік шеберлігі қалыптасқан маман етіп дайындау.

Атап айтқанда, студенттерге танымдық қабілеттерін ескеріп, ішкі мүмкіндіктерін ашу, бірлескен топтық жұмысында сыни тұрғыда ойлана отырып, көшбасшылық қабілеттерін жетілдіру, оқытуда ақпараттық-компьютерлік технологияларды пайдалану сынды ерекшеліктерді ұғындырып, өзгеріске итермелеу және оқуды бағалау арқылы кәсіби қолдау көрсетуде белгілі бір құндылықтар мен мәдениетті қалыптастыруда маңызды рөл атқаратындығын жан-жақты ұғындыру. Осы айтылғандарды өз оқу орнымызда іс-тәжірибемізде қолдана отырып, жас ұрпақтың заманға сай білім алуына ықпал жасауымыз керек. Бұл жарқын болашақты жасаушы мамандар даярлаудың негізі болып табылады.

## МАҢЫЗДЫ МАМАНДЫҚ

## Білікті қаржыгерлер сұранысқа ие

**Әр азаматтың өзінің жүрегі қалаған мамандығы бар. Қайбір мамандық болмасын өз маңыздылығы, ерекшеліктері мен артықшылықтары болады. Мамандықтар әлемі өте бай және әр алуан. Техникалық өрлеу, инновациялар, әлеуметтік сұраныстар мен көптеген факторлар жаңа мамандықтың пайда болуына әсерін тигізіп жатыр. Бүгінгі таңдағы нарық талабы әсіресе білікті, бәсекеге қабілетті мамандарға деген сұранысты арттыратыны белгілі.**



**Нұрсұлу КАЛЬБАЕВА,**  
«Қаржы» кафедрасының аға оқытушысы

ҚР Тұңғыш Президенті - Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаев «Бо-

лашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласында «Табысты болудың ең іргелі, басты факторы білім екенін әркім терең түсінуі керек. Жастарымыз басымдық беретін межелердің қатарында білім әрдайым бірінші орында тұруы шарт. Себебі, құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жетеді» деп атап көрсетті.

Елімізде Тәуелсіздік алғалы 30 жыл ішінде жастардың заманауи білім алуына үлкен мүмкіндіктер жасалып келеді. «Болашақ» бағдарламасы аясында он үш мыңнан аса жастар әлемнің бөбелді жоғары оқу орындарында білім алды және алып жатыр. Қазіргі таңда қас мамандар даярлау үшін

барлық мүмкіндіктер жасалуда. Жаңа технологиялар, оқулықтар, мектептер, университеттер, осының барлығы білім сапасын нығайту үшін қарқынды дамуда.

Дамыған елдердің тәжірибесі көрсетіп отырғандай, экономикада елеулі табыс әкелетін салалардың бірі қаржы саласы екендігін ескерсек, қаржы жүйесінің тұрақты дамуы үшін елімізге бәсекеге қабілетті қаржыгерлерді дайындау қажет. Себебі шетел нарығына шығу, жеке кәсіпкерліктің дамуы, инвестиция тарту, осы бағалы қағаздар нарығының, яғни қор биржасының қызметтілігінің тигізетін маңыздылығы зор.

Қаржыгер - қаржы саласында жұмыс істеп, ақша қаражаттарының дұрыс жұмсалыуын қадағалап, табысты көздейтін маман. Басқа сөзбен айтқанда қаржыгер - бұл банкирлер, инвесторлар, трейдерлер, биржа жұмыскерлері, қаржы директорлары, мемлекеттік кірістер (салық) басқармасының қызметкерлері, қаржылық менеджерлер, бухгалтерлер мен аудиторлар. Қаржы саласында жұмыс істеп жүрген

мамандар әлемдегі экономикалық өзгерістерді, экономикалық жағдайлардың барлығын меңгеруі тиіс. Қазіргі таңда қаржы секторы цифрлық технологияны бөлсенді түрде пайдалана алатын негізгі салалардың бірі болып табылады. Қаржылық қызмет көрсетудің өзі IT (ақпараттық технологиялар) инфрақұрылымды және цифрлық шешімдерді пайдалану мүмкіндіктерімен тығыз байланысты.

Сонымен қатар қазірдің өзінде көптеген банктер, шағын несие ұйымдары, сақтандыру компаниялары және басқа да қаржылық қызмет көрсету фирмалары тарапынан жас мамандарға деген сұраныс артып отыр. Осы бағытта М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті еліміздің қаржы жүйесінде жұмыс істейтін мамандарды дайындауда өзіндік орны бар жоғары оқу орындарының бірі болып табылады. Аталған университет басшылығы студенттердің сапалы білім алуына барлық жағдайды жасап отыр. Аталған университеттің «Басқару және бизнес»

жоғары мектебінің «Қаржы» білім беру бағдарламасы (мамандығы) бойынша білім алған түлектері қазіргі кезде еліміздің қаржы жүйесіндегі банктер, Мемлекеттік кірістер басқармасында, экономика және бюджеттік жоспарлау департаменті, сақтандыру компанияларында, қаржы департаменттерінде сәтті қызмет етіп жүр. Бұл қаржы мамандарын даярлайтын профессор-оқытушылардың қажырлы еңбегінің жемісі.

Жалпы тәуелсіз еліміз халықаралық қауымдастық алдында экономикасы жылдан-жылға өсіп келе жатқан мемлекет ретінде танылды. XXI ғасыр жастары болашағы жарқын, рухани байлығы мол, күн сайын жаңа белестерге шығып, гүлденіп келе жатқан мемлекеттің ұрпағы. Алға қойылған негізгі міндет - сапалы білім алып, келешекте білікті маман атанып, өз еліне аянбай адал қызмет ету. Олар еліміздің экономикасын дамытудағы жаңа жеке бағындыратын - бұл білікті де, білімді маман болатын бүгінгі жас түлектер.